


«МАХАМБЕТ АУДАНДЫҚ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ
«ДҮЙСЕНҒАЛИ ТӨЛЕНОВ
АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-
ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ
ДУЙСЕНГАЛИ ТОЛЕНОВА»
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ
«МАХАМБЕТСКИЙ РАЙОННЫЙ
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2021г.
Махамбет ауылы

№ 107
село Махамбет

**«Мектеп парламенті» білім
алушыларының өзін-өзі
басқару органдарын
құру туралы**

2021 жылғы 12 ақпандағы №1-18-4/566-И ҚР білім беру ұйымдарында «Мектеп/студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Мектеп парламенті» сайлауын өткізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

1) А.Хайреденова – комиссия төрайымы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

2) Ә.Салихова- комиссия мүшесі, педагог-психолог;

3) Д.Хансултанова- комиссия мүшесі, мектеп тәлімгері;

4) М.Моташева-комиссия мүшесі, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі;

5) М.Тулешова- комиссия мүшесі, әлеуметтік педогог;

2.Мектеп бойынша білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу мақсатында «Мектеп парламенті» құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. «Мектеп парламентінің» құрылымы жасақталсын.

4. «Мектеп парламенті» құрылымына жауапты жетекші тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Хайреденова тағайындалсын.

5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназия директоры



Т.Идркенова



**Д.Төленов атындағы «Жарқын жастар» өзін-өзі басқару ұйымының жоспары
2021-2022 оқу жылы**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Оқушылар кеңесі мүшелерімен қашықтықтан жиналыс өткізу, атқаратын жұмыстарды талқылау	Қыркүйек	Оқушылар парламенті
2	«Отбасы» күніне арналған іс-шаралар өткізу	Қыркүйек	«Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясы жетекшісі – А.Бимуханова
4	«Абайлаңыз, балақай!» іс-шарасы бойынша өткізілген шараға қатысу	Қыркүйек	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – С.Орақбай
5	«Ұстаздарға тағзым» мерекелік кеш	Қазан	«Мәдениет пен өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
6	«Сыбайлас жемқорлық деген не?» (түсінік жұмысы)	Қазан	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – С.Орақбай
7	«Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында қауіпсіздік жадынамалар тарату	Қараша	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – С.Орақбай
8	Мектеп кабинеттері мен дәліздердің тазалығы, оқушылар арасындағы тазалық жұмыстарын қадағалау	Үнемі	«Экология және еңбек» фракциясы жетекшісі – А.Ақназар
9	1- Желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне арналған іс-шаралар ұйымдастыру	Желтоқсан	«Мәдениет пен өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
10	«Тұғыры биік Тәуелсіздік» (ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шаралар)	Желтоқсан	Мектеп Президенті Б.Кенжалы «Мәдениет пен өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
11	Қысқы эстафеталық-спорттық ойындар	Желтоқсан	Спорт және СӨС фракциясы- Б.Дәуітқалиев
12	Өткізілген іс-шараларды БАҚ әлеуметтік желіге жариялау (Үнемі	«Ақпарат және баспа» фракциясының көшбасшысы – Б.Галимова
13	Ұйым мүшелерінің отырысы	Қантар	Оқушылар парламенті, «Жас Ұлан» ұйымы
14	«Буллингке жол жоқ!»	Ақпан	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – С.Орақбай

15	«Мен және менің ортам» тренинг	Ақпан	«Өзін-өзі тану және бакыт» фракциясы жетекшісі – А.Бимуханова
16	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында сайыс ұйымдастыру	Наурыз	Оқушылар Парламенті
17	«Мәңгі жарық күн сыйлаған маған ...» мерекелік шара	Наурыз	Мектеп президенті Б.Кенжалы «Мәдениет және өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
18	Өзін өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарына сай шаралардың орындалысын қорытындылау	Мамыр	МДТІЖО Тәлімгер «Мектеп парламенті» Президенті



Хабарлама

Мектепшілік өзін-өзі басқару құрылымы президенттігіне және мектеп ұланбасына сайлау өткізілді. Сайлауға 9-10 сынып оқушылары арасынан 7 үміткер қатынасып, өз бағдарламаларын ұсынды. Мектеп дәлізінде үміткерлер бағдарламасы жарияланып, дауыс беру ұйымдастырылды. Дауыс беру нәтижесінде "Мектеп президенті" 9-сынып оқушысы Кенжалы Бекзат және "Мектеп ұланбасы" болып Адамаова Раушан жеңіске жетті.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

А.Хайреденова

Хаттама

Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясының «Жарқын жастар» өзін-өзі басқару

ұйымының отырысы

Қатысқандар-11

Күн тәртібінде

1.Өзін-өзі басқару ұйымының құрамын бекіту, іс-шаралар жоспарын жасақтау

2.Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Хайреденова – Барлықтаңызды жаңа оқу жылында алтын ұяда көргенімізге қуанышытымыз. Өздеріңіз білетіндей, 16 қыркүйек күні мектепшілік сайлау нәтижесінде «Мектеп парламентінің» президенті болып, 9-сынып оқушысы К.Бекзат тағайындалды. Енді қалған сайлауға қатысушы оқушылар «Жарқын жастар» өзін-өзі басқару ұйымының депутаттары бола аласыздар. Мектеп парламентінің құрылымын таныстырып, міндеттері мен лауазымдары айтылды. Алдағы іс-шаралар жоспары талқыланды.

Б.Дәулетқалиев: мен өзім төменгі сыныптардан спортқа жақынмын. Спорт менің жан серігім десем болады. Сондықтан мектеп оқушыларымен салауатты өмір салтын насихаттауда жұмыс жасау қолымнен келетініне сенімдімін.

С.Орақбай-мен болашақ заңгер маманы ретінде, оқушылармен бірлесе мектеп ережесін қадағалауға, құқықтық жауапкершілік туралы кеңінен түсінік жұмыстарын жасай аламын деп ойлаймын.

Ағымдағы мәселелер бойынша, мектеп тәлімгері Д.Хансултанова: Сіздер, мектеп оқушыларының және ұстаздардың қолдауымен, дауысымен іріктілген құрам боласыздар. Сіздерге үлкен сенім артамыз. Мектептің қоғамдық шараларына белсенді араласып, өз ұстаздарыңызға көмекші болады деген сенім мол. Алда келе жатырған «Ұстаздар» мерекесіне арналған мерекелік құттықтауларыңызды дайындап, бірлесіп нәтижелі жұмыс жасайық.

Қаулы:

1. Мектеп парламентінің құрылымына сәйкес, мектеп президенті мен депутаттары өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарылсын. Қадағалау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Хайреденоваға міндеттелсін.
2. Өзін-өзі басқару ұйымының іс-шаралар жоспары жасакталып, бекітілсін.

Жиналыс төрайымы

Хатшы



А.Хайреденова

Д.Хансултанова

Хабарлама

Ағымдағы жылдың 16 қазан күні «Жол ережесін білейік, аман есен жүрейік!» атты жол ережесіне арналған мектепішілік сынып сағаттары өткізілді.



Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерінің түрлері, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі екенін үйрету.

Сонымен қатар Махамбет аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювиналды полиция тобының кәмілетке толмаған істері жөніндегі аға учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Бактыгереев Ахмедияр Жанибекұлы мектеп оқушыларына «Жол тәртібін жадында ұста» тақырыбында түсінік жұмыстарын жүргізіп, көшеде жол жүру тәртібін түсіндірді.



Хабарлама

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында мектебіміздің «Жас тәртіп сақшылары» қоғамдық ұйымының ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу мақсатында 5-6 сынып білім алушыларымен «Адал еңбек өмірді жақсартудың басты құралы» тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымы әңгіме сағаттар өткізді. Әңгіме барысында сыбайлас жемқорлық туралы білім алушылар пікірлерін ортаға салды, өз түсінгендерін ақ параққа бейнелеп, өзіндік көзқарастарын білдірді.



Тұңғыш Елбасының өнегелі өмір жолын насихаттау. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында 1-желтоқсан Тұңғыш Президенті күніне орай мектеп президенті Кенжалы Бекзат пен «Мәдениет және өнер» фракциясының жетекшісі Нұрғалиұлы Бекарыстың ұйымдастыруымен «Тұғыры биік Тәуелсіздік!» тақырыбында мерекелік шара өтті.

